

**Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтағы  
Арнаулы экологиялық талаптарды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 шілдедегі N 1087 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы  
N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы  
Z970162\_ Заңының 48-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтағы Арнаулы экологиялық талаптар (бұдан әрі - Арнаулы талаптар) бекітілсін.

2. Арнаулы талаптар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың аумағында іс-әрекетін жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалардың атқаруы үшін міндетті болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ табиғи ресурстарды қорғауды және пайдалануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын басқа да арнайы өкілеттігі бар органдар Арнаулы талаптардың нормалары сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақты нақтыланған өңірлерге бөлуді қамтамасыз етсін және 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде оларды бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

31 шілдедегі

№ 1087 қаулысымен  
бекітілген

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік  
қорықтық аймақтағы Арнаулы экологиялық талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтағы Арнаулы экологиялық талаптар (бұдан әрі - Арнаулы талаптар) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес әзірленді.

2. Арнаулы талаптар Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылға 30 сәуірдегі № 252 "Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде қорықтық аймақ жариялау туралы" және 1978 жылғы 13 шілдедегі № 284 "Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің қорықтық аймағына Жайық өзенінің айдыны мен атырабын қосу туралы" қаулыларымен айқындалған шекаралардағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың аумағында қолданылады.

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақ аумағының режимі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

3. Арнаулы талаптар теңіздік іздеу-барлау жұмыстарының бүкіл кешеніне, оның ішінде:

1) бұрғылау негіздемелерін, қондырғылар мен теңіз инфрақұрылымдарын жобалауға және салуға;

2) скважиналар мен бұрғылау негіздерін жасауға, сынауға, консервациялауға немесе жоюға;

3) материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, көлік тасымалына және қалдықтармен жұмыс істеуге;

4) жағалық инфрақұрылымды жобалауға, салуға, пайдалануға және пайдаланудан шығаруға қолданылады.

4. Теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын жүргізудің алдында әлемдік тәжірибені ескере отырып, қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) қоса алғанда, фондық зерттеулерді жүргізуге байланысты жұмыстардың аудандық экологиялық картасын жасауды және экологиялық ерекше сезімтал аймақтарды анықтауды көздейтін жұмыстардың жобасы дайындалуы керек.

5. Осы Арнаулы талаптардың 5-тармағында көрсетілген жобалық құжаттар мемлекеттік экологиялық сараптаудан өткізілуі тиіс, және қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ табиғи ресурстарды қорғауды және пайдалануды

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының арнайы өкілеттігі бар органдарымен (бұдан әрі - Уәкілетті органдар) келісілуі керек.

6. ҚОӘБ-ның міндетті нысанасы теңіз айдынының және жағалаудағы аймақтың ерекше осал биологиялық сезімтал учаскелерінде теңіздік іздеу-барлау бұрғылауынан бас тартуды қоса алғанда, баламаларға талдау жасау болып т а б ы л а д ы .

ҚОӘБ айдынның қанаттас учаскелерінде бір мезгілде жүргізіліп жатқан мұнай операцияларын міндетті түрде ескере отырып, олардың қоршаған жиынтық

ықпалын айқындау мақсатымен орындалуы тиіс.

ҚОӘБ-да жұмыстар бірқалыпты жүргізілген кезде және авариялық жағдайлар кезінде теңіздік іздеу-барлау бұрғылауының экологиялық салдарын болжау қарастырылуы тиіс.

7. Арнаулы талаптарда Операторлар деп Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтің тиісті түрін жүргізуге құқығы бар тұлға ұғынылады.

Арнаулы талаптарда Құзыретті орган деп Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік орган ұғынылады.

## 2. Жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу

8. Теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын бастау үшін міндетті шарт мыналар болуға тиіс:

1) жұмыстардың экологиялық қауіпсіздігін, оның ішінде авариялық жағдайларда қамтамасыз етудің Уәкілетті органдармен келісілген іс-қимыл рәсімі мен жоспарлары жөнінде құжаттарының болуы;

2) Оператордың өкілетті органдардың тиісті актілерімен бекітілген, материалдық базасының және оқытылған кадрларының кез келген күтпеген жағдайларды, оның ішінде мұнайдың және оның қосындыларының төгілуін қоса алғанда, зардаптарды болдырмау және жою үшін қажетті толық дайындығының б о л у ы .

9. Уәкілетті органдармен келісілген жұмыстардың технологиясы тиісті мониторингтің нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен түзетілуі мүмкін.

10. Бұрғылау жұмыстарын жүргізуге Арнаулы талаптарда көрсетілген шектеулерді қоспағанда, бір жылдың ішінде рұқсат беріледі.

11. Айдындағы мұз қабаты кеме қатынауға болатын жағдайда бұрғылау

баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, жағалаудағы базалардан арнаулы құралдар жеткізілетін және көмірсутегінің төгілуін тыю жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін бұрғылау орнының жанында жеткілікті мөлшерде ашық су кеңістігін қамтамасыз ететін сәтке дейін, көмірсутегінің болуы мүмкін төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңің ұдайы бірге болуымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы тармақта көрсетілген талап жасанды аралдарда жүргізіліп жатқан бұрғылау жұмысына қолданылмайды.

12. Тұз астындағы өнім беретін қабатты ашуға және көмірсутегінің төтенше қысымды және өте жоғары мөлшері болжанып отырған скважиналарды сынауға теңізде мұз қалың қатқан жағдайларда ұсыныс жасалмайды.

13. Теңіздің болуы мүмкін ластануына жол бермеу үшін бұрын бұрғыланған скважиналарға, су астындағы құбыр желілеріне, өнеркәсіп қалдықтары орналасқан орындарға жақын жерден бұрғылау негіздемелерін салу және теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын жүргізу өкілетті органдардың арнаулы алдын ала экологиялық карта жасау материалдары негізіндегі рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады.

14. Лицензия берілген аумақтың шегінде бұрын бұрғыланған скважина байқалған жағдайда, Оператор скважина оқпанының тұрған орнын дәл анықтауға және белгіленген тәртіппен, бұл деректі құзыретті органға тапсыруы тиіс.

15. Теңіз кемелері мен құрғақта жүретін құралдар бара алмайтын 0 м-ден 2 м-ге дейін тереңдіктегі суы тайыз және ауыспалы аймақтарда бұрғылау негіздемесін салу дербес жобаның немесе жалпы жобаның арнаулы бөлігінің және теңіз түбінің бүлінуін және биологиялық жүйеге нұқсан келуін мейлінше азайтатын ҚОӘБ негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

16. Скважиналарды бұрғылау жүргізілетін жұмыстардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сыннан өткен озық технологиялар негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

17. Сынақтар аяқталған соң скважиналарды консервациялаған жағдайда Оператор бұрғылаудың негіздемесі сақталуын және жұмыстар қайта басталатын сәтке дейін скважиналардың сенімді герметизациясын қамтамасыз етуге міндетті.

18. Үйілген негіздемеден (су асты бермасынан немесе аралдан) бұрғыланған скважиналарды жою кезінде оператор олардың герметизациялануын және көмірсутегімен және химиялық заттармен болуы мүмкін ластанудан оны алдын ала тазарта отырып, жасанды негіздеменің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Арал немесе берма шайылып кеткен жағдайда, Оператор ол (негіздеме) жер табаны бедерінің жалпы деңгейімен біржола тегістелгенше, оны қадамен немесе

бақанмен белгілеп қоюға міндетті және кеме жүзуі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теңіз карталарына түсіру үшін олардың тұрған орынын өкілетті органдарға тапсыруға міндетті.

19. Кез келген түрдегі платформадан бұрғыланған скважиналарды жойған кезде, олардың қаңқасы толықтай қайта бұзылуы және алып тасталуы тиіс, ал герматизацияланған скважиналардың бастары балық аулауға және кеме жүзуіне бөгет болмас үшін жер табаны деңгейінде кесіп тасталуы керек.

20. Сондай-ақ скважиналарды сынау кезінде көмірсутегі мен газдың алауда өртелуін барынша шектеу және ең аз мөлшерге жеткізу керек.

Экологиялық сараптаманың қорытындысы көмірсутегін жоюдың осы тармақта көрсетілген әдісін барынша қауіпсіз деп таныған жағдайда, оны түгіннің сілемі таралып кетуіне қолайлы ауа райы жағдайында қолдану керек.

21. Құрылыс салу және өзге де жұмыстардың кез келген түрлерін жүргізген кезде, өкілетті органдардың арнайы рұқсаты бойынша скважиналарды жойғанда бұрғылау жабдықтарын бұзу жағдайларын қоспағанда, судың ішінде және теңіздің табанында жару әдістерін пайдалануға тыйым салынады.

22. Бұрғылау базаларын, оның ішінде жанар-жағар материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсететін станциялар, т.б. салу қорықтық аймақтан тыс, қолда бар инфрақұрылымды барынша пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

23. Жағадағы инфрақұрылым объектілерінің жұмысы аяқталған соң, жердің қайта өңделуі Уәкілетті органдармен келісілген жобаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

### 3. Қалдықтармен жұмыс істеу

24. Теңіздік іздеу-барлау бұрғылауының бүкіл кезеңінде іс-әрекеттің барлық түрлері (құрылыс салу, бұрғылау, көлік операциялары) барысында пайда болатын өндірістің сұйық және қатты қалдықтарын, бұрғылау қазындылары мен ерітінділерді қоса, теңізге лақтыруға немесе оның түбінде жинауға тыйым салынады.

25. Уәкілетті органдардың рұқсаты бойынша теңізге ластанбаған немесе тазартылған ағын судың шектеулі мөлшерін ағызуға рұқсат етіледі.

26. Бұрғылау қалдықтарын (оның ішінде тұз аралас бұрғылау қазындыларын) жер қойнауына қайта айдау Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Уәкілетті органдардың арнаулы рұқсаты бойынша жобаға сай жүзеге асырылады.

27. Бұрғылаудың айналысқа қосылмайтын және жер қойнауына қайта айдалмайтын қалдықтарын (қазындылар мен ерітінділер) залалсыздандыру және сақтау жөніндегі барлық операциялар құрғақта, арнаулы жабдықталған

полигонда, қорықтық аймақтан тыс жүзеге асырылуы тиіс.

Көрсетілген операциялар Уәкілетті органдармен келісім бойынша жүзеге асырылуы тиіс және бұрғылау жұмыстары басталар сәтке дейін құрылыстың аяқталуын қамтамасыз етуі керек.

28. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың, улы және басқа зиянды және ластандырушы заттардың полигондарын су толқындары жетуі мүмкін аймақтардың шегінде орналастыруға тыйым салынады.

29. Бұрғылау платформасы (баржа) мен оған қызмет көрсететін кеме ағын суларды тазартатын және заласыздандыратын қондырғымен немесе оларды жинайтын, сақтайтын және кейіннен ағын суларды арнаулы кемеге немесе жағалаудағы қабылдау қондырғыларына тапсырып беретін құрылғысы бар кемемен жабдықталуы тиіс.

Қоқыстарды жинау және өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін қондырғы, не қоқсықты өртейтін құрылғы қарастырылуы керек.

#### 4. Қозғалыс

30. Ерекше сезімтал экологиялық аудандарға зиянды әсер тигізбеу үшін теңіздік іздеу-барлау бұрғылауына байланысты операцияларға қатысатын кемелердің теңіздік іздеу-барлау бұрғылауы алаңдарына және жағалаудағы базаларға қатынауы Уәкілетті органдармен келісілген кеме жүру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

31. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың жағалауы бойында жолдар салу және пайдалану Уәкілетті органдармен келісілген жұмыстардың жобасында қарастырылуы керек.

Көлік құралдарының, осы тармақта көрсетілген жобада белгіленген және қолданып келген әкімшілік жолдары торабынан тыс, кез келген қозғалысына, шұғыл жағдайларды қоспағанда (авариялық немесе медициналық жағдайларды), тыйым салынады.

32. Жағалаудың ылғалды учаскелерінде (су басып кететін аумақтарда) және жағалаудағы тайыз суларда қажет болған жағдайда топырақ-өсімдік қыртысының және сақталып келген биоценоздардың біртұтастығын барынша аз денгейде бұзатын арнаулы көлік құралдарын (доңғалақ қысымдары төмен, ауа жастығын пайдаланатын, т.б.) пайдалануға рұқсат етіледі.

#### 5. Қауіпті материалдар

33. Кез келген әлеуетті улы заттарды теңіздік іздеу-барлау бұрғылауы процесінде және онымен бірге жүретін операцияларда (оның ішінде аварияларды

жою кезінде) пайдалануға және сақтауға улылық сертификаты бар болса және Қазақстан Республикасының заңдарына сай Уәкілетті органдармен алдын ала келісілген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

34. Жанар және жағар материалдарды, еріткіштер мен өзге де зиянды материалдарды құю, сақтау, пайдалану, тасымалдау жөніндегі барлық операциялар бақылау арқылы, қатаң есептік құжаттар болып табылатын арнаулы журналдарға, оларды тиісінше енгізе отырып жүргізілуі тиіс.

35. Кемелерге теңізде май құйғанда көмірсутегілердің төгілуіне және ағуына ж о л б е р і л м е у і т и і с .

36. Айлақтар мен базалардың жабдықтау, техникалық қызмет көрсету және май құю жөніндегі операциялар қауіпсіз түрде жүзеге асырылатындай болып жоспарлануы керек.

## 6. Биоресурстарды сақтау жөніндегі арнаулы іс-шаралар

37. Каспий теңізіне жануар-жәндіктердің көшпелі түрлері таралып кетуін болдырмау үшін санитарлық бақылаудың жалпы жүйесі сақталмаған, бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдықтар мен аппараттарды, сондай-ақ көліктер мен өндірістік кемелерді және құралдарды пайдалануға тыйым с а л ы н а д ы .

38. Қорықтық режимдегі аумақта теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын жүргізуге ж о л б е р і л м е й д і .

39. Балықтардың қалыпты ұрық тастауын және олардың жас өркендерінің теңізге қайтып келуін қамтамасыз ету үшін сәуірдің 1-нен шілденің 15-і аралығындағы кезеңде 1994 жылы 1 қаңтарда, Ембі өзенінің сағасын қоса алғанда, тыйым салынған кеңістіктен шығысқа қарайғы шекаралар арасында белгіленген Жайық пен Еділ өзендері сағасындағы аудандарда 50 км. шеңберде сағалардан теңізге неғұрлым сұғына кірген тұстарда және жағалау бойынан кеңдігі 15 км. аралықта бұрғылау негіздемелерін салуға, скважиналарды сынауға және кемелердің жүзуіне тыйым салынады.

Көрсетілген кезеңде бұрғылау процесі жабдықтармен, химиялық реагенттермен, жағар-жанар және басқа материалдармен, азық-түлікпен автономды түрде қамтамасыз етуге көшірілуі тиіс.

Сондай-ақ бұрғылау қалдықтарын жинауды және сақтауды, оларды тыйым салу кезеңі біткеннен кейін шығарып тастауды қамтамасыз ететін барлық ш а р а л а р қ а б ы л д а н у ы к е р е к .

Дәл осы мақсатпен көрсетілген аймақтарда, қазанның 1-30-ы аралығында табандық тереңдету және құрылыс жұмыстарына тыйым салынады.

Құстарды ұя салатын мекендерінде сақтау мақсатында: қамыс нуларында,

құмдауытты жағалау қойнаулары мен аралдарда 1 сәуірден 15 шілдеге дейінгі аралықта бұрғылау негіздемелерін және қондырғылар орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ скважиналарды сынауға тыйым салынады.

40. Құрлық пен теңіз шекарасындағы қамысты нулардың (табиғи биологиялық сүзгілердің) шеңберінде жұмыстарды жүргізу жыл маусымын есепке ала отырып, Уәкілетті органдардың арнаулы шешімдерімен реттеледі.

41. Каспий итбалығының өсіп-өнуін сақтау үшін бұрғылау негіздемелерін және қондырғылар салу, итбалықтардың мазасын алатын өзге де операцияларды жүргізу қазаннан маусым айына дейін итбалықтардың шоғырланып жатқан орындарына әсер етпейтіндей жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

Олардың мекендері өзгеруіне қарай, жануарлардың шоғырланған орындарын анықтау үшін алдын ала барлау жүргізілуі керек.

42. Құстар мен итбалықтардың мазасын алуды болдырмау үшін олар мекендейтін және өніп-өсетін белгілі жерлердің үстінен, арнаулы бақылаулар жүргізу жағдайларын қоспағанда, 1 км биіктіктен төмен әуе көлігінің ұшып өтуіне тыйым салынады.

43. Пайдаланылатын жабдықтардың және көлік құралдарының шуылы мен дірілінің деңгей нормалардан аспауы тиіс.

## 7. Экологиялық мониторинг

44. Теңіздік іздеу-барлау бұрғылауына арналған жобалық құжаттамаларда және ҚОӘБ материалдарында жұмыстардың бүкіл кешені үшін, олар басталғанға дейінгі алдын ала фондық зерттеулерді, жұмыстар жүргізіліп жатқан кездегі бақылауды (антропогендік әсер ету көздерін қоса) және олар аяқталғаннан кейінгі бақылауларды, сондай-ақ төтенше оқиғалар жағдайындағы мониторингін қоса алғанда, қоршаған ортаның толыққанды мониторингін жүргізу көзделуі керек.

45. Мониторингтің бағдарламасын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мақұлдауы және өз учаскелерінде Операторлар алған нәтижелердің салыстырмалылығы және ауыстырмалылығы қамтамасыз етілуі тиіс.

Мониторингтің барлық станцияларында GPS жүйесіне жер серігі арқылы байланысқа шығу қамтамасыз етілуі керек.

46. Мониторингтің нәтижелері тіркеу, қорытындылау және станциялардың каталогын жасау үшін Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына тапсырылады және авторлық құқықтар сақталған жағдайда Операторлардың рұқсатымен барлық пайдаланушылар үшін ашық және еркін болуы тиіс.



47. Мониторинг жүргізілген кезде Оператор бақылаулардың ұзақ мерзімді тізбегін жалғастыру мақсатында өзінікінен басқа, станцияларды және жұмыстар алаңында және оның төңірегінде орналасқан станциялардың бұрын жүргізген бақылау материалдарын (лицензиялық блоктың шегінде) пайдалануы тиіс.

48. Алаңда өткен жылдарда бақылаулар жүргізген станциялардың лицензиялық блогының болуы, бақылаулардың мерзімі бір жылдан асып кеткен жағдайда, Оператордың өзінше фондық және мониторингтік зерттеулер жүргізуі қажеттігін жоққа шығармайды.

## 8. Көмірсутегі төгілген жағдайдағы іс-шаралар мен кепілдіктер

49. Әрбір Оператордың көмірсутегі төгілген жағдайда (күтпеген жағдаяттарда) Уәкілетті органдармен келісілген және бекітілген іс-қимыл жоспары болуы міндетті, онда жауап шаралар және көмірсутегінің кездейсоқ төгілуінен немесе өзге де ластаушылардың теңізге немесе жағалау бойына төгілуінің зардаптарын жеңілдету кезінде пайдаланатын нақты рәсімдер белгіленеді.

Көмірсутегі төгілген жағдайдағы көрсетілетін іс-қимыл жоспарында:

1) төгілістің алаңы мен болжамды таралуы компьютерлік есептеу негізінде көрсетілген, көмірсутегінің ықтимал төгілу жағдайларының талдамасы;

2) елді мекендердің, сезімтал табиғи объектілердің, жағадағы доктар мен құю станцияларының, өндірілген көмірсутегін және көмірсутегі қалдықтарын сақтайтын орындар мен олардың ара қашықтығы көрсетілген карта;

3) фонтан түрінде болсын, ағып шығу жағдайында болсын көмірсутегінің төгілуін тоқтатуға пайдаланылатын жабдықтардың, теңіз көлік құралдарының және оқытылған қызметкерлердің тізбесі қоса қамтылған, барлық қажетті мәліметтер болуы тиіс.

50. Оператор бірінші деңгейдегі төгілісті жою үшін - теңіздегі құрылыс-жайында және/немесе ұдайы бірге болатын кемесінде барлық қажетті материалдар мен жабдықтарды; жағадағы базада немесе басқа жерлерде - екінші деңгейдегі төгілісті жоюға арналған материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ үшінші деңгейдегі төгілісті жою үшін - қажетті жабдықтар мен материалдардың дер кезінде жеткізілетініне кепілдік ететін, берермендермен жасалған шарттары болуы тиіс.

51. Оператор Уәкілетті органдардың өкілдерін тарта отырып, теориялық сабақтар мен нақты жағдайларға барынша жақындатылған практикалық жаттығулар жүргізу арқылы, өзінің өндірістік қызметкерлері мен жағалаудағы қызмет адамдарын оқытып отыруға міндетті.

52. Операторда көмірсутегі төгілістеріне қарсы күресте көбінесе

қолданылатын заттар мен материалдардың Уәкілетті органдармен келісілген, көмірсутегі төгілген кезде қолданудың әртүрлі жағдайларында олардың улылығы мен болжамды күштілігі жөніндегі деректер көрсетілген тізбесі болуы тиіс.

53. Ыдыратқыш заттарды пайдалануды Уәкілетті органдардың келісімі бойынша Оператордың жүзеге асыруы мүмкін.

54. Көмірсутегі төгілгенде жедел әрекет ету мақсатында Уәкілетті органдарға хабарлаудың рәсімдері белгіленген болуы тиіс.

55. Көмірсутегінің төгілуін байқаған кезде Оператор көмірсутегінің төгілуін жою үшін дереу әрекет ете бастауы тиіс.

56. Тікелей кемеден немесе бұрғылау қондырғысынан көмірсутегі немесе оның өнімдері немесе өзге заттар аз мөлшерде төгілген жағдайда, әрқашан бортта сақталуы мен жарамдылығы толық қамтамасыз етілген, сенімді түрде оралған сорғыш (адсорбир) материал болуға тиіс.

57. Оператор күтпеген жағдайлардың, оның ішінде көмірсутегі төгілуінің салдарынан қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру үшін жауаптылықта болады.

## 9. Экологиялық сараптама және жұртшылықтың қатысуы

58. Теңіздік іздеу-барлау бұрғылауының жобалары жөніндегі техникалық-экономикалық құжаттамалар, ҚОӘБ-ды қоса алғанда, мемлекеттік экологиялық сараптауға жатады.

Мемлекеттік экологиялық сараптаудың оңды қорытындысы теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын жүргізуге рұқсат беру үшін негіз болады.

59. ҚОӘБ жөніндегі құжатты дайындау процесінде жергілікті тұрғындардың пікірін зерделеу мақсатында қоғамдық тыңдау өткізілуі тиіс.

60. Тыңдауды жобаның бастамашылары ұйымдастырады.

Қоғамдық тыңдаудың нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және жобаны әзірлеген кезде Уәкілетті органдар ескеретін болады.

61. Оператор авариялық жағдайлардың пайда болған барлық жәйттерін және оларды, оның ішінде көмірсутегінің төгілуін жою жөніндегі әрекеттерді бұқаралық ақпарат құралдарында дер кезінде жариялауды қамтамасыз етеді.

## 10. Бақылау және жауапкершілік

62. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың шекараларында табиғатты пайдалануға және теңіздік іздеу-барлау бұрғылауын

жүргізуге бақылау жасауды жүзеге асыруға рұқсаттар беру Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына және басқа да Уәкілетті органдарға олардың құзыреттеріне сәйкес жүктеледі.

63. Жұртшылықтың бақылауды жүзеге асыруға қатысуы Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен реттеледі.

64. Арнаулы талаптарды бұзу - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық жүктейді.

65. Оператор экологиялық қауіпсіздікке нақты катер туғызатын жұмысты оның себептері жойылғанға дейін тоқтата тұруға міндетті.

66. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың экожүйесіне зиян келтіретін жұмыстар оларды Уәкілетті органдар аластағанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

67. Залалды әсер Қазақстан Республикасының аумақтық суларынан тысқары

тарап кеткен жағдайда зиян кінәлі тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады.

68. Жүргізілген бұрғылау жұмыстарынан Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорықтық аймақтың өсімдіктері мен жануарларына келтірілген зиян кінәлі тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өндіріп алынады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.